

Оқушылардың білімі мен біліктілігін жетілдіру

Мақалада қазіргі білім беру стандартының талаптарына сай мектепте тарих пәнін оқытудың басты мақсаттары мен міндеттері көрсетілген. Автор тарихшы-мұғалімнің тарих сабағын жетілдірудің қазіргі талапқа сай жолы интерактивті тақта мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдану әдістерін пайдалана отырып, сабақ берудің мүмкіндіктерін қарастырды. Сонымен бірге білім беру жүйесіндегі ақпараттандыруды жетілдірудің жолдары, мақсат пен міндеттері туралы айтты.

Кілтті сөздер: білім беру, бағдарлама, тәрбие, тарих пәні, ұлтжандық, сана, дүниетаным, мәдениет, халық мәдениеті.

Біз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Қазір білім беру стандарты талаптарына сай тарих пәнінің оқытылуына, тарихшы мұғалімдерге ерекше жауапкершілік пен міндет жүктелді. Өйткені жас ұрпақтың бойына ұлтжандық сезім мен сана, дүниетаным қалыптастыруда тарих пәні басты рөл атқарады.

Мектепте тарих пәнін оқытудың басты мақсаттары мен міндеттері:

- оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;
- бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени-тарихи тәжірибенің негізін оқытып, меңгерту;
- тұлғаның жеке мүддесін, оның бейімділігі мен танымдық мүмкіндіктерін барынша ескере отырып, оқушылардың өз халқы мен басқа да халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға және байытуға үлес қосуға тәрбиелеу;
- оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, адамзаттық сезімді дамыту;
- оқушыларға эстетикалық, экономикалық тәрбие берудің тарихтағы қызметін дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу;
- оқушылардың басты назарын қоғам тарихына: адамдардың өмір тіршілігіне, қызметіне, салт-дәстүр тарихына аудару, тарихи оқиғаларды, құбылыстарды талдай отырып, олардың біртұтас тарихи қозғалысқа жататынын түсінуге көмектесу.

Еліміздің «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері қойылған. Осы міндеттер мен мақсаттарды орындауда стандарт талаптары негізінде білім сапасын жетілдіру маңызды орын алады. Ол үшін қазіргі педагогиканың соңғы жаңалықтарын, оқу-әдістемелік тәсілдің тиімді жолын таңдау, оқытуда үздіксіз ізденіс жасау, оқулықпен шектелмей тың деректерді пайдаланып, білім сапасын жақсарту көзделіп отыр [1].

Мұғалім еңбегі үнемі шығармашылық ізденісті, әдістемелік шеберлікті жетілдіруді талап етеді. Сондықтан тарих пәнін оқыту барысында оқушылардың таным белсенділігі мен ойлау қабілетін, ізденісін дамыту үшін сабақтың әр түрлі типтерін ұйымдастыру нәтижеге жетудің негізі бола алады.

Қазіргі мектепте тарих сабағын жетілдірудің тағы бір жолы — интерактивті тақта мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдану әдістері.

Қазіргі кезде activstudio (активстудио) бағдарламасымен қамтамасыз ету арқылы интерактивті тақтамен оқыту технологиясы — оқу үрдісін белсенді, қарқынды студия бірден-бір жолы. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Ол әр түрлі түспен көркемделіп, дыбыстармен, мультимедиялық-операциялық ортамен құрылған сабақ.

Activstudio бағдарламасының көмегімен жасалатын дыбысты, суретті сабақ көрнекілігі флипчарттарды сабақ барысында тиімді қолдану сабақ үрдісінің сапасын арттырып, оқушылардың қызығушылығы мен ақпараттық мәдениетін арттыруына және мұғалімнің сабақ кезеңдерін жүзеге асыру уақытын үнемдеуіне септігін тигізетініне көзіміз жетіп отыр [2]. Оқушы танымын арттыру мақсатында «нысандарды мағынасына қарай топта», «тиісті орынға апар» деген сияқты тапсырмалар жиі кездеседі. Осыны жүзеге асыру үшін Activstudio бағдарламасында объектілерді контейнер ретінде пайдалануға мүмкіндік қарастырылған.

Оқушылардың білімі мен біліктілігін жетілдіруде электрондық оқулықтың көмегі зор. Білім беру жүйесін ақпараттандыру — бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені ол — берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары қолға алынып отыр.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің негіздерінің бірі болып білім алу саласына ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстары саналады, бірақ бұл негіз ақпараттандыруды басқаша түсіну қауіпін туғызып, оны көптеген жағдайларда тек техникалық құралдармен жабдықтауға ғана әкеліп соқтыратыны белгілі. Міне, осы тұрғыдан білім беру мәселесін алға тарта отырып, ақпараттандыру ісінің мақсатын информатика терминдері арқылы емес, білім саласының мақсаттары мен терминдері арқылы емес, білім саласының мақсаттары мен терминдері арқылы өрнектеуіміз қажет.

Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір-біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Бірінші кезекте оларға электрондық басылымдар: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен әр түрлі құрылымдарға жазылған электрондық жазбалар жатады. Қазіргі кезде электрондық басылымдарды әзірлеу және пайдалану мәселелерін зерттеу өзекті іске айналды.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты — ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу. Осыған сәйкес жаңа білім жүйесінің ерекшеліктеріне оның іргелігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады.

Болашақта ақпараттандыру ісі білім беру жүйесін түбегейлі түрде өзгертеді деп күтілуде. Мұндай жағдайда алдыңғы сапқа оқыту материалдарын электрондық құралдарда өрнектейтін және соларды дер кезінде жеткізу мүмкіндіктеріне сүйенетін жаңа педагогикалық технологиялар шығады. Алғашқы тәжірибелер көрсетіп отырғандай, білім беру жүйесінің тиімділігін пайдаланылатын ақпараттық технологияларға емес, оларды жүзеге асыру кезінде қолданылатын педагогикалық жұмыстардың сапасына байланысты болмақ.

Электрондық оқулық — дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен көрнекті материалды жеке меңгеруге арналған күрделі, көп сатылы жүйе. Ендеше оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап игеру тәсілі мен логикасына да өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулық төмендегіндей жағдайлар жүзеге асқанда тиімді болады:

- жедел кері байланыс;
- анықтамалық ақпаратты тез іздеу мүмкіндігі;
- демонстрациялық мысалдар мен модульдер;
- бақылау (тренажер, тестілеу, өз білімін бақылау).

Электрондық оқулықтың құрылуының бірнеше ұстанымдары мыналарға саяды:

- оқу ақпаратын сызықты емес және көп деңгейлі көрсету;
- өз бетінше орындау және жеке жұмыстарға бағытталу.

Электрондық оқулықтың екі түрі бар: жабық электрондық оқулық және интернет оқулық. Біріншісі тәуелсіз және тұрақты болып табылатын пәндік облыста дәстүрлі оқулыққа айналған. Ол жеке дербес компьютерде немесе локалды желіде қолданылады. Интернет-оқулық — ол ашық оқулық. Ол сыртқы ақпарат көздеріне сілтейді және глобалды желінің серверлерінің бірінде орындалады.

Электрондық оқулықтың басқарушы модулі қиындық деңгейінен тәуелді мазмұнының динамикалық құйылуын қамтамасыз етуі керек. Ядро ақпаратты (оқулық мәтіні, суреттер жиынтығы, зертханалық модельдер мен бақылау есептерінің қиындық деңгейі) дифференциалдап шығаруды қамтамасыз етуі қажет.

Электрондық оқулықты құрайтын ең қажетті бөліктердің бірі — курстың барлық тақырыптарын қамтитын гипермәтінді оқулық. Оқулықты оқу құралы немесе конспект-анықтама ретінде қолдануға болады. Оқулық төмендегі жағдайларды қамтамасыз етуі керек:

- курс бойынша түсінікті навигация;
- бұрын ағылшын тақырыпқа қайта оралу мүмкіндігі;
- курстың іздеу кешеніне көшпей-ақ берілген тақырып бойынша іздеу.

Электрондық оқулықта иллюстрация болуы керек. Мультипликациялар мен бейне-иллюстрациялар (анимациялар) — электрондық оқулықтың қажетті бөліктерінің бірі. Анимация — қозғалыстың әр түрлі кезеңіне сәйкес кесіндер тізбегін экранда жылдамдата көрсету арқылы дене қозғалысы динамикасын бейнелеу тәсілі. Электрондық оқулыққа көптеген анықтамалық материал кіруі тиіс. Ал тестілеу кешені — есеп шығару дағдыларын қалыптастыруға, бақылау жұмыстарын өткізуге арналған электрондық оқулықтың қажетті бөліктерінің бірі. Кешен, негізінен, төмендігілерден тұрады:

- киындық деңгейлерін басқару жүйесі;
- сұрақтар мен есептердің мәліметтер қоры;
- жаттықтандырушы блок;
- тестілеу блогі;
- бақылау жұмысын басқару жүйесі;
- курс бойынша өзін-өзі бақылау сұрақтары.

Электрондық оқулықта қарапайым оқулыққа қарағанда қосымша, *біріншіден*, күшті өз білімін тексеру жүйесі; *екіншіден*, аралық бақылау жүйесі болуы керек. Өз білімін тексеру жүйесіне қойылатын негізгі талап — тест сұрақтарының көп болуы. Тест сұрақтары оқулықтың бүкіл материалын қамтитындай көп болуы керек [3].

1. Сұрақтар кездейсоқ ретте берілуі керек.

2. Сұрақтар нөмірден немесе басқа символдық белгілеуден басталмауы тиіс. Сынақтан өтуші әрқашан сұрақты оқып, ұғынуы керек, яғни сұрақты оның реті немесе символы емес мағынасы бойынша еске сақтау.

3. Мүмкін болатын жауаптар да кездейсоқ ретпен берілуі керек.

4. Жауап беруге уақыт шектелуі болуы қажет. Бір сұраққа жауап беруге кететін уақыт бір минут деп көрсетіледі.

5. Тест сұрақтарының жиынтығы әр тақырыпты оқығаннан кейін оқу материалын қаншалықты меңгергенін тексере алатындай, тақырыптар бойынша орналастырылуы керек.

6. Тестілеу жүйесіне оқушының сұрақтарға дұрыс жауап беруіне байланысты бағалау кіруі тиіс.

7. Компьютерлік тест қолдану қарапайым болуы қажет. Тест сұрақтары және оларға жауап мағынасы жағынан түсінікті болуы керек.

Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқытудың инновациялық әдістері ретінде қашықтан оқыту үрдісіне енгізіліп келеді. Қашықтан оқытудың технологиялық базасының негізі — компьютер, электрондық оқулықтар, ақпарат таратушы желілер. Қазіргі таңда дайындалған электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескеру керек:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы;

- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі, зертханалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша; материалға қатысты анықтама, библиографиядан тест; материалды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер бөлімдерін қамтуы;

- электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауы, яғни, берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2–3 экрандық беттен артық болмауы тиіс. Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса, онда экранда пайда болатын оң жақ тік, төменгі көлденең жылжыту сызықтарын электрондық оқулықты пайдаланушының көп пайдалануына тура келеді. Мұның өзі пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары — төмен, оңға — солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді;

- бір қатардағы мәтін 62–65 таңбадан аспауы тиіс. Себебі материалды баспаға шығару қажет болса, ол А4 көлемді параққа дұрыс түсетіндей болуы керек;

- оқулықты шектен тыс иллюстрациялық. Анимациялық тұрғыдан көркемдеу пайдаланушыға кері әсерін тигізуі мүмкін [4].

Электронды оқулық оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес жетістіктерге жетуге, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. — Алматы, 2007. — 134-б.
- 2 Қараев Ж. Білім беру процесіндегі танымдық әрекеттің белсенділігі. — Алматы: Жазушы, 2005. — 176-б.
- 3 Қараев Ж., Қобдиқова Ж. Технологиялар негізінде педагогикалық жүйені модернизациялау мәселелері. — Алматы: Жазушы, 2005. — 98-б.
- 4 Сабыров Т.С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. — Алматы, 1999. — 78-б.

Ж.С.Баймолдина

О совершенствовании знаний учащихся

В статье рассматриваются основные цели и задачи преподавания истории согласно образовательному стандарту. Автором показаны возможности применения интерактивной доски, электронных учебников, других современных информационных технологий и их значение в совершенствовании методики преподавания отечественной истории, представлена подготовка тестовых заданий, иллюстраций, видеоматериалов как один из методов преподавания истории.

J.S.Baymoldina

Improving the knowledge and qualifications of students or disciples

Article J.S.Baymoldina devoted to the basic aims and objective of the teaching of history according to educational standards, as well as the use of interactive whiteboards, electronic textbook of modern information technology and their importance in improving the teaching methodology of national history. The article deals with the preparation of test, image, video as method of teaching history.

С.Д.Ізтілеуова

№ 39 М.Жұмабаев атындағы гимназия, Қарағанды

Тарих сабағында тарихи сананы қалыптастыру жолдары

Мақалада оқытушының сабақ үрдісінде оқыту технологиясының инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ұстаз оқушыларды Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, тарихи сананы қалыптастырудың әдістерін көрсетті. 9-шы сыныпта Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын топтық жұмыс түрінде өткізудің әдісін және Алаш қозғалысы тақырыбын оқытудың бүгінгі өмірмен байланыстыра оқытудың әдістемелерін ұсынды.

Кілтті сөздер: тарих сабағы, тарихты оқыту, тарихи сана, инновациялық әдіс, отансүйгіштік, ұлтжандылық, Алаш қозғалысы, әлеуметтік орта, қоғам тұтастығы, тұрақтылық.

«Тарих тек ғылым үшін зерттелмейді, ол ең алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі», — деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз еңбегінде атап өткен болатын [1].

Ендеше, жас ұрпақтың дүниетанымында шынайы да, әділ тарихи сананың қалыптасуында тарих пәнінің маңызы зор.

Тарихи сана — жан-жақты дамыған тұлғаның басты құралдарының бірі. Тарихи сана, тарихи құбылыстарды бұрмалау түрінде емес, объективті себеп-салдар байланысы, оппозициялық ой-идеялар тартыстарының нәтижесі.